

### ӨТІНІМ БЕРУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ (ӨБТСС)

|                                                                                |                                                                                                                                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жоба атауы:                                                                    | Қазақстанның бала саудасына қарсы іс-қимылы/Kazakhstan Actions against Trafficking in Children (KATCH)                                                  |
| Өтінім беру туралы сұрау салу (ӨБТСС) №:                                       | KATCH-10019-RFA-05                                                                                                                                      |
| ӨБТСС жарияланған күні:                                                        | 18 ақпан 2026 жыл                                                                                                                                       |
| Өтінім берер алдында онлайн конференция күні:<br>Онлайн конференцияға сілтеме: | 24 ақпан 2026 жыл, 15:00 (Алматы уақыты)<br><a href="#">Click here to join the meeting</a><br><br>Кездесу ID: 242 497 515 862 86<br>Құпия сөз: aX2Rn35f |
| Сұрақтарды жіберудің белгіленген күні мен уақыты:                              | 27 ақпан 2026 ж., 23:59 (Алматы уақыты)                                                                                                                 |
| Сұрақтарға жауап беру үшін белгіленген күн мен уақыт:                          | 10 наурыз 2026 ж., 23:59 (Алматы уақыты)                                                                                                                |
| Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты:                               | 16 наурыз 2026 ж., 23:59 (Алматы уақыты)                                                                                                                |
| Грантты тағайындаудың болжамды күні:                                           | 21 мамыр 2026 ж.                                                                                                                                        |

## БӨЛІМ 1: БАҒДАРЛАМА СИПАТТАМАСЫ

### 1.1 МАҚСАТ ПЕН АЛҒЫШАРТТАР

Осы ӨБТСС мақсаты 1 сәуір, 2023 ж. - 30 қыркүйек 2027 ж. аралығында АҚШ Мемлекеттік департаментінің Адам саудасын мониторингілеу және оған қарсы күрес басқармасы қаржыландыратын, нөмірі SSJTIP23G00009 шешіммен "Қазақстанның бала саудасына қарсы іс-қимылы" (KATCH) жобасын іске асыруда Winrock International (Винрок) қолдауына әлеуетті грант алушылардан өтінімдер жинау болып табылады. Осы конкурс шеңберінде жоспарланатын іс-шаралар KATCH жобасының **екінші кезеңінің (Phase II)** бөлігі ретінде жүзеге асырылады, оған 2027 жылғы 30 қыркүйекке дейін жалғастыруға рұқсат берілген.

Соңғы жылдары Қазақстан Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзербайжан және Өзбекстаннан келетін мигранттар үшін транзиттік және мақсатты ел ретінде экономикалық тұрақсыздық пен Украинадағы қарулы қақтығыс салдарынан ішкі және халықаралық көші-қонның өсуіне тап болды. Халықаралық көші-қон ұйымының (ХҚҰ) деректеріне сәйкес, 2025 жылғы қазанда Қазақстанда **550 000-нан астам еңбек мигранты** тіркелген, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда шамамен 21 000 адамға көп<sup>1</sup>. 2025 жылы еңбек мигранттарының

<sup>1</sup> <https://astanatimes.com/2025/10/iom-chief-shares-latest-data-on-mobility-in-kazakhstan/>

құрамы көрші Орталық Азия елдерінен келген жұмысшылардың басымдығымен сипатталды: еңбек мигранттарының 86% – Өзбекстаннан, 7% – Ресей Федерациясынан, 2,5% – Тәжікстаннан, 2% – Қырғыз Республикасынан, 0,6% – Қытайдан келген, ал қалған 2,5% басқа елдер үлесіне тиесілі.

**Қазақстанға негізінен Өзбекстанмен арадағы бейресми шекара өткізу пункттері арқылы кіретін мигрант балалар көбінесе тіркеусіз немесе ресми құжаттарсыз келеді, бұл олардың қызметтерге қолжетімділігін шектейді және осалдық деңгейін айтарлықтай арттырады.** Күн сайын маусымдық жұмысқа мыңдаған құжатсыз мигранттар осы шекаралардан өтеді, ал олармен бірге келетін балалар АҚШ-тың Адам саудасы туралы есептерінің (TIP) тұжырымдарына сәйкес ерекше қауіп тобында болады. Еңбек мигранттарымен бірге жүретін балалардың (ACML) саны мен сипаттамалары туралы бірыңғай статистика жоқ, өйткені қазақстандық мемлекеттік органдар деректерді жүйесіз жинайды немесе балаларға қатысты деректерді мүлдем жинамайды. Мұндай үйлестірілген, балалық шағы бойынша сараланған деректердің болмауы дәлелге негізделген жоспарлауға, соның ішінде еңбек мигранттарымен бірге жүретін балалардың (ACML) және адам саудасынан зардап шеккен балалардың жасына, жынысына және қорғаныс қажеттіліктеріне бейімделген қызметтерді әзірлеуге кедергі келтіріп отыр.

**АҚШ Мемлекеттік департаментінің 2025 жылғы Адам саудасы туралы есебіне (TIP Report 2025) сәйкес:**

*«Адам саудасымен айналысушылар Қазақстанда отандық және шетелдік құрбандарды қанау үшін пайдаланады, сондай-ақ қазақстандық құрбандарды шетелде де қанауға тартады. Саудагерлер кейбір балаларды қайыр сұрауға мәжбүрлейді, сондай-ақ ересектер мен балаларды қылмыстық әрекеттерге де тартуы мүмкін.»*

Адам саудасының жоғары тәуекеліне ұшырайтын ең осал топтарға ауылдық жерлердің тұрғындары, құжатсыз мигранттар, жеке куәлігі жоқ адамдар, жұмыссыздар, үйсіз жүрген азаматтар және мүмкіндігі шектеулі адамдар жатады.

**Шығыс Азия, Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдерінен, сондай-ақ Қазақстанның ауылдық өңірлерінен келген әйелдер мен балалар жыныстық қанауға барған сайын көптеп тартылуда.** Көп жағдайда адам саудагерлері даяшы, модель немесе бала күтушісі ретінде жұмысқа орналастыруға уәде беріп, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жас қыздар мен әйелдерді алдап тартады. Бақылаушылардың айтуынша, адам саудагерлері жыныстық қанау мақсатында құрбандарды интернет арқылы тарту тәсілдерін жиілеткен. Сарапшылар сондай-ақ психоактивті заттарды қолданатын адамдардың саудаға тартылу қаупі жоғары екенін атап өтеді. Балалар есірткі саудасында мәжбүрлі қылмыстық әрекеттерге тартыла бастаған<sup>2</sup>.

**Соңғы хабарламалар Қазақстанда балалар саудасының әлі де күрделі және өсіп келе жатқан проблема екенін көрсетеді.** Ресми деректер мен бұқаралық ақпарат құралдары кәмелетке толмағандарды сату, саудаға салу және жыныстық қанау жағдайларының көбейгенін тіркеді. Мұндай жағдайларға жаңа туған нәрестелерді сату, нәрестелер мен жас

---

<sup>2</sup> <https://www.state.gov/reports/2025-trafficking-in-persons-report/kazakhstan/>

қыздарды саудаға салу және кәмелетке толмағандарды қанаумен айналысатын ұйымдасқан топтардың әрекеттері кіреді<sup>3</sup>.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (ИИМ) деректеріне сәйкес, **2024 жылы балалар саудасының 9 жағдайы**, ал 2023 жылы – 19 жағдай тіркелген. Бұл істердің көпшілігі перинаталдық орталықтардың, балалар үйлерінің қызметкерлері немесе нәрестелерді сатуға тырысқан ата--аналарға қатысты болды. **2025 жылы ИИМ 19 баланы саудалау фактісін тіркеді**, олардың барлығы жаңа туған нәрестелерді заңсыз асырап алу схемаларымен байланысты болды; мұндай схемалар елдің бірнеше өңірінде анықталған<sup>4</sup>.

**Қазақстан Үкіметі** соңғы жылдары адам саудасына (TIP) қарсы күрес бағытында елеулі жұмыстар атқарды. Бұл шараларға: жұртшылықтың хабардарлығын арттыру науқандары; құрбандарға көмек көрсету бойынша жедел желілер; адам саудасы құрбандарына арналған баспаналарды қаржыландыру; адам саудасы құрбандарына мемлекеттік қызметтерді кеңейту; Қазақстанда тұрақсыз мәртебесі бар ата-аналардан туған балаларды қызметтерге қол жеткізуі үшін тіркеу; сондай-ақ адам саудасы құрбандарын қорғау мақсатында халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) үйлестіру жұмыстары жатады.

2024 жылы Қазақстан адам саудасына қарсы бірінші жан-жақты заңын қабылдап, Қылмыстық кодекске қылмыс құрамдарын кеңейтетін және жазаларды күшейтетін түзетулер енгізді. Бұл өзгерістер маңызды қадам болып саналады, бірақ тиісті мемлекеттік органдар үшін стандартты операциялық рәсімдерді (COP) әзірлеуді/жаңартуды қажет етеді. Сонымен қатар, әзірленіп жатқан **«Қазақстан балалары» мемлекеттік бағдарламасы (2026–2030)** бала саудасының алдын алу шараларын интеграциялау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Алайда, АҚШ Мемлекеттік департаментінің 2025 жылғы Адам саудасы туралы есебінде көрсетілгендей, Қазақстан әлі де бірнеше негізгі бағыттар бойынша ең төменгі стандарттарға толық сәйкес келмей отыр. Анықталған құрбандардың тек жартысы ғана қызметтерге жолданған, ал билік шетелдік құрбандарды өте аз анықтауды жалғастыруда, мәжбүрлі еңбекке қарсы шаралар жеткіліксіз деңгейде қалып отыр<sup>5</sup>. Мемлекеттік баспаналарда, соның ішінде балаларға арналған арнайы қызметтер бойынша, қаржыландыру жеткіліксіз. Бұдан бөлек, **Жоғалған және қиянат көрген балалар жөніндегі Ұлттық орталығының** деректері бойынша, Қазақстанда **балаларды жыныстық қанау материалдарының (CSAM)** таралуы 2019–2023 жылдар аралығында **1240%-ға артқан**, бұл әлемдегі ең жылдам өсімдердің бірі.

Осы мәселелерді шешу бағытында Winrock International орталық және жергілікті билік органдарына, сондай-ақ ҰЕҰ желісіне адам саудасынан зардап шеккен балаларға көмек және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларды (ACML) анықтауды жақсарту және балаға жан-жақты көмек көрсету ісінде қолдау, сондай-ақ балаларды қорғау жүйесінің

<sup>3</sup> <https://www.inform.kz/ru/index-rabstva-torgovlya-detmi-i-zolotoy-treugolnik-kak-kazahstan-boretsya-s-torgovley-lyudmi-b70c5a>

<sup>4</sup> <https://en.orda.kz/officials-describe-child-trafficking-schemes-and-investigation-methods-in-kazakhstan-8428/>

<sup>5</sup> <https://www.state.gov/reports/2025-trafficking-in-persons-report/kazakhstan/>

тиімділігін арттыру үшін "Қазақстанның балалар саудасына қарсы іс-қимылы/Kazakhstan Actions against Trafficking in Children (KATCHN)" бес жылдық жобасын іске асыруда.

## **1.2 ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ**

**ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:** КATCHN жобасының нақты мақсаты бар: балалардың мүдделері мен олардың психологиялық соққыларын ескеретін тәсілдерді пайдалана отырып, адам саудасынан зардап шеккен балалар мен Қазақстанның оңтүстігінде еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларды белсенді анықтау, қайта бағыттау және оларға көмек көрсету мақсатында Қазақстанның мемлекеттік органдары мен ҰЕҰ әлеуетін арттыру. Бұл жобада қолданылатын тәсіл (а) қызмет көрсетушілерді арнайы білім мен дағдыларға үйрету арқылы жеке деңгейде жүйелік өзгерістерге әкеледі деп күтілуде; және (b) адам саудасынан зардап шеккен балалар мен еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларға көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту жөніндегі жергілікті ұйымдардың әлеуетін нығайту жолымен, сондай-ақ (с) ведомствоаралық үйлестіруді жақсарту және балаларды қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін Үкімет пен азаматтық қоғам көшбасшыларының күш-жігерін жұмылдыру жолымен ұйымдастырушылық деңгейде жүзеге асырылады.

**ЖОБА МІНДЕТТЕРІ:** КATCHN жобасы адам саудасынан зардап шеккен балаларды және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларды екі мақсатқа жету арқылы қорғайды:

- (1) қызмет көрсетушілер адам саудасын басынан өткізген балаларға және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларға балалардың мүдделері мен олардың психологиялық соққыларын ескеретін тәсілдерді қолдана отырып анықтау және оларға көмек көрсету үшін әлеует пен ресурстарға ие; және
- (2) зардап шеккен балаларды анықтау және қорғау жүйесі превентивті, үйлестірілген және тиімді.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСЫМ Өңірлері:** Осы ӨБТСС аясында, КATCHN өз қызметін Қазақстанның оңтүстігіндегі бес облыста жүзеге асырады: **Түркістан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл және Жетісу** облыстары, сондай-ақ **Алматы** және **Шымкент** қалалары. Бұл өңірлерде экономикалық мүмкіндіктер мен Өзбекстан және Қырғызстан шекараларына жақындық мигранттардың көптеп келуіне ықпал етеді. Алайда, микро-грант иегерлеріне арналған бөлек ӨБТСС шеңберінде, КATCHN өтінімдер қажеттілікті дәлелдеген жағдайда, жоғарыдағы тізімде көрсетілмеген өңірлерден де микро-грант серіктестерін таңдай алады.

### **МАҚСАТТЫ ТОП:**

КATCHN жобасының нысаналы тобы саудадан аман қалған балалар, еңбек мигранттарымен бірге жүретін балалар, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі олардың отбасылары болып табылады.

**Өтінім беруге арналған осы сұрау салу шеңберінде Қазақстандағы КATCHN жобасы мынадай мақсаттарды қолдай алатын мүдделі ізденушілерді қарастырады:**

**1-міндет:**

Қызмет көрсетушілер адам саудасынан аман қалған балаларға және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларға балалардың мүдделері мен олардың психологиялық соққыларын ескеретін тәсілдерді қолдана отырып анықтау және оларға көмек көрсету үшін әлеуеті мен ресурстарына ие

**Іс-шара 1.1.**

**Қызмет көрсетушілерді адам саудасынан аман қалған балаларға және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларға балалардың мүдделері мен олардың психологиялық соққыларын ескеретін тәсілдерді қолдана отырып көмек көрсетуге тренинг арқылы оқыту**

*КАТСН командасы таңдалған грант иегерлеріне І кезеңде әзірленген және жаңартылған оқу материалдарын ұсынады. Бұл материалдар травмаға бейімделген, балаға мейірімді адам саудасының құрбандарын анықтау, істерді жүргізу және күтім көрсету тәсілдерін, сондай-ақ балалардың адам саудасына қатысты жаңа пайда болған мәселелерді (мысалы, онлайн балаларды жыныстық қанау және зорлық-зомбылық (ОСЕА), мәжбүрлі қылмысқа тарту) қамтиды.*

КАТСН командасы Ресурстық Серіктестермен (Resource Partners) бірлесе отырып қызмет көрсетушілерге арналған травмаға сезімтал, бала құқығын ескеретін адам саудасынан зардап шеккен балаларды анықтау, олардың істерін жүргізу (case management) және оларға көмек көрсету бойынша қатысушылық форматтағы топтық тренингтер өткізеді (2026 жылғы қыркүйек–желтоқсан айларына жоспарланған). Тренингтер өңірлер бойынша ұйымдастырылып, қатысушылар географиялық орналасуына сәйкес топтастырылады.

Тренингтерден кейін КАТСН тренинг қатысушыларына арналған тәжірибе алмасу, ресурстар бөлісу, мәселелерді талқылау және сұрақтар қою үшін **бейресми онлайн талқылау алаңын** құрады. Бұл алаң 2-міндет аясындағы жұмысқа өңірлік ұсыныстар жинауға көмектеседі.

КАТСН ресурстық серіктестерінен күтілетін нәтиже: тренингке қатысушыларды анықтауға көмектесу, тренингтер мен бейресми онлайн талқылау алаңдарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оқу модульдерін жетілдіруге көмектесу.

**Іс-шара 1.2. Адам саудасынан зардап шеккен балаларға және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларға білім беру және басқа да қолдау қызметтерінің қолжетімділігін кеңейту үшін микро-гранттар беру**

**Мақсатты облыстарда КАТСН Ресурстық Серіктестері микро-грант иегерлеріне техникалық қолдау көрсетеді және олардың адам саудасынан зардап шеккен**

***балаларды және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларды анықтау мен оларға көмек көрсету қабілеттерін арттырады деп күтілуде.***

**2-міндет:**

Зардап шеккен балаларды анықтау және қорғау жүйесі превентивті, үйлестірілген және тиімді

**Іс-шара 2.1.**

Үкіметтің есептілігін арттыру үшін балалар саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғамдық қорғаушылардың (Child STIP Champions ) жұмысын ұйымдастыру.

Ресурстық Серіктестер КАТСН-ке – қоғамда ықпалы бар және жоғарыда көрсетілген басым өңірлерден балалар саудасына қарсы күреске берік адамдар арасында балалар саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғамдық қорғаушыларды анықтау, ұсыну және тарту арқылы қолдау көрсетеді. Аталған қоғамдық қорғаушылар адам саудасынан зардап шеккен балаларды, сондай-ақ еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларды анықтау және оларға көмек көрсету тетіктерін жақсарту үшін адвокация жүргізеді . **(2026 жылдың наурыз–сәуір айларына жоспарланған).**

КАТСН Ресурстық Серіктестері таңдалған қоғамдық қорғаушылар үшін бала саудасы , адвокация, көшбасшылық, фасилитация дағдылары, сондай-ақ олардың рөлі, міндеттері және қызмет нәтижелерінің жобаның белгіленген индикаторларымен сәйкестігі жөнінде ресми ориентациялау және техникалық оқыту шараларын өткізеді (2026 жылғы мамыр айының соңы мен маусым айының басына, Халықаралық балаларды қорғау күнінің қарсаңына жоспарланған).

***КАТСН ресурстық серіктестерінен әрбір облыста балалар саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғамдық қорғаушыларды анықтауға көмектесу, оларды ориентациялау /оқыту процесін жүргізу, сондай-ақ олардың ұсынылған іс-қимыл жоспарлары мен күтілетін нәтижелерін орындауына жауапты болуына бақылау жасау күтіледі.***

**Іс-шара 2.2.**

Адам саудасынан зардап шеккен балаларды анықтау, қайта бағыттау және оларға көмек көрсету бойынша рөлдер мен міндеттерді үйлесімділігін келісуге ықпал ету.

1-кезеңде Іс-шара 2.2 аясында әзірленген саясаттық ұсынымдарға сүйене отырып, КАТСН командасы және Ресурстық Серіктестер әр облыста мемлекеттік органдар, ҰЕҰ және қызмет провайдерлері қатысатын консультациялық кеңестер ұйымдастырады. Кеңестердің мақсаты – бала саудасынан зардап шеккен құрбандарын анықтау және қолдау бойынша функцияларды үйлестіруді жақсарту. (Кеңестер **2026 жылдың қыркүйек–қазан айларына** жоспарланған.)

Семинарлардан кейін Ресурстық Серіктестер қатысушылармен бірге **жол картасы** немесе **мамандандырылған СОР/құралдарды** әзірлейді. Бұл құжаттар Қазақстан Үкіметінің **2024–2026 жылдарға арналған Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі -жоспарына** және адам саудасына қатысты ұлттық деңгейдегі заңнамасына сәйкес үкімет органдарының рөлдері мен міндеттерін айқындайды және кибер-қолдау арқылы жасалатын сауда сияқты жаңа қатерлерді ескереді.

КАТСН командасы **2-кезеңнің Қорытынды Оқу Саммитін** ұйымдастырады (2027 жылғы маусым айында). Саммиттің мақсаты – мемлекеттік органдар, ҰЕҰ, қызмет провайдерлер, балалар саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғамдық қорғаушылар және басқа да мүдделі тараптар арасында тәжірибе алмасу, прогресті талқылау және әзірленген жол карталары мен СОР-тардың тұрақты қолданылуын қамтамасыз ету.

***Ресурстық Серіктестерден күтілетіні: өңірлік және ұлттық деңгейдегі мүдделі тараптармен консультациялар өткізу, жол картасының мазмұнын әзірлеуге қажетті деректерді жинау және оның ұлттық деңгейде қолдау табуына жағдай жасау.***

**Ресурстық Серіктестерден күтілетін жобалық нәтижелер** (екі Ресурстық Серіктестің жиынтық нәтижелері):

- **7 өңірде 7 қорғау тренингін өткізу** (Іс-шара 1.1)
- Кемінде 210 қызмет көрсетуші адам саудасынан аман қалған балаларға және еңбек мигранттарымен бірге жүретін балаларға олардың мүдделері мен психологиялық соққыларын ескеретін тәсілдерді қолдана отырып, көмек көрсетудің практикалық дағдыларына ие (Іс-шара 1.1)
- Балаларға қызметтерді анықтау, қайта бағыттау және ұсыну бойынша **3–5 микро-грант иегерлердің** әлеуеті күшейтілді (Іс-шара 1.2)
- Балалардың осы санаттарын анықтауды және қорғау жүйесін жақсартуды жақтайтын балалар саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша **17–20 білікті** қоғамдық қорғаушылар желісі құрылды (Іс-шара 2.1)
- **1 жол картасы немесе мамандандырылған СОР/құрал** ұлттық деңгейде бірлесіп әзірленіп, қабылданды (Іс-шара 2.2)

## **БӨЛІМ 2: ГРАНТ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ**

### **2.1. БЕРІЛЕТІН ГРАНТТАРДЫҢ БОЛЖАМДЫ САНЫ**

КАТСН жобасы осы ӨБТСС шеңберінде 2-ге дейін грант береді деп күтеді, бірақ алынған өтінімдердің сапасы мен қаржыландырудың қол жетімділігіне байланысты гранттардың аз санын беру немесе мүлдем бермеу құқығын өзіне қалдырады.

### **2.2. ГРАНТТАРДЫҢ БОЛЖАМДЫ КӨЛЕМІ**

Жеке грант сомасы **20,000-25 000 АҚШ долларынан** аспайды деп күтілуде, бұл **9,825,100-12,281,375 теңгеге тең, OANDA валюта конвертері, 2026 жылғы 17 ақпан.** Соңғы

тағайындау сомасы тағайындау іс-шараларына және соңғы келіссөздерге байланысты болады. Үміткерлерге операциялық шығындардың нақты шығындарына негізделген нақты бюджеттерді ұсыну ұсынылады. Өтінім берушілер ұсынылған шығындарды негіздеу үшін осы конкурсқа қоса берілген В және С қосымшаларындағы бюджет және бюджет түсіндірмесі үлгілерін қолдануға міндетті. Winrock бағалау комитетінің шешімі бойынша Winrock ұсынылған іс-шаралар мен бюджетке түзету енгізу (қысқарту немесе кеңейту) туралы сұраумен өтінім берген ұйымдарға хабарласуы мүмкін.

### **2.3. ГРАНТТАРДЫ БЕРУДІҢ БОЛЖАМДЫ БАСТАЛУ КҮНІ ЖӘНЕ ҰЗАҚТЫҒЫ**

Күтілетін орындау кезеңі грантты беру жөніндегі келісілген іс – шараларға байланысты **2026 жылдың мамырынан 2027 жылдың маусымына дейін** құрайды.

### **2.4. ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ГРАНТТАР ТҮРЛЕРІ**

Winrock грант берудің тиісті тетігін өтінім берушімен жүргізілетін келіссөздер барысында анықтайды. Бұл шешім алдын ала бағалау нәтижелеріне, гранттық іс-шаралардың сипатына және гранттың жалпы болжамды құнына негізделеді.

## **БӨЛІМ 3: САЙЛАНУ ТАЛАПТАРЫ / ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

### **3.1. ТАЛАПТАРҒА САЙ КЕЛЕТІН ҮМІТКЕРЛЕР**

Бұл байқау коммерциялық емес Американдық емес ұйымдардың барлығына ашық. Қаржыландыруға минималды түрде жарамды болу үшін өтінім берушілер төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасында заңды түрде тіркелген болуы.
- Келесі облыстардың бірінде: Түркістан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл немесе Жетісу немесе Қазақстанның оңтүстігіндегі Алматы және Шымкент қалаларында кеңсесі болуы тиіс
- Winrock қызметкерлері жүргізетін алдын ала бағалаудан өтуге келісуі, бұл бағалау өтінім берушінің қаржылық, әкімшілік және техникалық саясаттары мен рәсімдерінің сапасын тексереді. **award assessment) award assessment) -award assessment)**
- Бұрын тиісті бағдарламалардың немесе жобалардың сәтті орындалуын көрсете білу.
- Ұсынылып отырған жоба басқа донорлар қаржыландыратын ұйымның ағымдағы жобаларын қайталамауы тиіс, бірақ оларды толықтыра алады.
- Грант берілген сәтте UEI (Unique Entity Identifier) нөмірін ұсынуы. Егер өтінім берушінің UEI нөмірі болса, оны өтінімде көрсетуі қажет. Егер болмаса, грант беру алдында UEI нөмірін алу қажет. UEI нөмірін онлайн түрде алуға болады: <https://sam.gov/content/duns-uei>.

### **3.2. КРИТЕРИЙЛЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕР**

- АҚШ үкіметінің қаражатын бұрын мақсатсыз немесе дұрыс пайдаланбаған кез келген ұйым (АҚШ Мемлекеттік департаментінің Гранттар жөніндегі уәкілі арнайы мақұлдамаған жағдайда).
- Саяси партиялар, топтар немесе мекемелер немесе олардың еншілес ұйымдары

мен филиалдары.

- Мемлекеттік қызметкерлер тікелей немесе жанама түрде басқаратын ұйымдар, соның ішінде олар жеке компаниялардың қызметкерлері болған кезде.
- Демократияға қарсы саясатты немесе заңсыз әрекеттерді қорғайтын, насихаттайтын немесе қолдайтын ұйымдар.
- Мақсаты кемсітушілік және діни мақсаттарды көздейтін және грант алудың негізгі мақсаты діни сипатта болатын діни ұйымдар.
- Федералды сатып алу бағдарламаларынан және сатып алудан тыс бағдарламалардан шығарылған Тараптар тізімінде аты бар кез келген ұйым (<https://sam.gov/SAM/>).
- АҚШ Қаржы министрлігінің арнайы санаттағы азаматтар (SDN) және шетелдік активтерді бақылау басқармасының (OFAC) бұғатталған тұлғаларының тізімінде мүшесі бар кез келген заңды тұлға (<https://www.treasury.gov/resource-center/sanctions/SDN>).
- Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Қауіпсіздік Кеңесінің жиынтық Санкциялар тізімінде тұрған ұйымдар <https://www.un.org/sc/suborg/en/sanctions/un-sc-consolidated-list>
- Тексеруден бас тартатын ұйым.
- Қажетті сертификаттарды орындаудан бас тартатын ұйым.
- АҚШ Мемлекеттік департаментінің келісімшарттар жөніндегі уәкілінің арнайы алдын ала мақұлдауынсыз мемлекеттік серіктес ұйымдар.

## БӨЛІМ 4: ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

### 4.1. ӨТІНІМ БЕРЕР АЛДЫНДА ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯ

Онлайн конференция өтінім берер алдында төменде сипатталғандай өткізіледі. Барлық өтініш берушілер шақырылады.

|                          |                                                                                                                                                                        |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Күні:                    | <b>2026 жылғы 24 ақпан, 15:00 (Алматы уақыты)</b>                                                                                                                      |
| Өту орны:                | <b>MS teams платформасы</b><br><b>Қосылу сілтемесі:</b><br><br><a href="#">Click here to join the meeting</a><br>Кездесу ID: 242 497 515 862 86<br>Құпия сөз: aX2Rn35f |
| Қатысуды растау:         | <b>Қатысу туралы растау хаты мына жерге жіберілуі керек</b><br><b>KATCHgrants@winrock.org</b>                                                                          |
| Онлайн конференция тілі: | <b>Орыс тілі</b>                                                                                                                                                       |

### 4.2. ТЕХНИКАЛЫҚ ӨТІНІМ

Өтініш берушілер өз өтінімдерін жобаның қажеттіліктерін түсіну, олардың бұрынғы тәжірибесі және олар ұсынған тәсіл негізінде әзірлейді, бұл іс жүзінде мүмкін және сәтті

болуы керек. Барлық жағдайда үміткерлер ұсынылған іс-шараларға нақты негіздеме беруі керек.

**Жіберілген өтінімдер қаржыландыру кезеңі ішінде іс-шараның мақсаттарын және күтілетін нәтижелерін айқын көрсетуі, сондай-ақ ұсынылған уақыт кестесі мен бюджеті бар іске асыру жоспарын анықтауы қажет.**

Қаржыландырылатын іс-шараларды үздіксіз мониторингтеу және есеп беру өтінім берушінің жауапкершілігінде болады. Өтінім берушілер осы ӨБТСС-ға Қосымша А ретінде берілген **Өтінім нысанының үлгісін** қолдануға міндетті.

#### **4.3. БЮДЖЕТТІК ӨТІНІМ**

Қаржылық өтінім техникалық өтінімнен бөлек ұсынылуы тиіс. Өтінім берушілер Қосымша В--де көрсетілгендей Microsoft Excel форматында қысқаша және егжей-тегжейлі- бюджетті, сондай-ақ грант қаражатын келісім мерзімі ішінде қалай бөлетінін түсіндіретін бюджет түсіндірме жазбаларымен бірге ұсынуы керек. Бюджет түсіндірмесінің үлгісі осы конкурстық өтінімге Қосымша С ретінде берілген. Бюджет түсіндірмесі ұсынылған шығындардың қажеттілігі мен негіздемесін түсіндіруі тиіс. Түсіндірме шолушыға белгілі бір шығынның не үшін қажет екенін және ол жоспарланған қызметті жүзеге асыруда қалай қолданылатынын түсінуге көмектесуі қажет. Бюджет түсіндірмесі ұсынылған іс-шаралар мен бюджет арасындағы байланысты көрсетуі тиіс.

Техникалық өтінім өтінім берушінің мақсаттарды түсінуі мен сол мақсаттарға жету тәсілдерін қалай бағалайтынын көрсететіндей, бюджет және оған қоса берілетін түсіндірме де ұсынылған қызметтердің қаржылық талаптарын шынайы көрсетуі тиіс.

Өтінім берушілер ұлттық заңнамаға сәйкес, халықаралық грантты пайдалану үшін талап етілетін банк операцияларының комиссияларын және басқа да қызмет көрсету төлемдерін жоба бюджетіне қосуы қажет.

Өтінім берушілер осы конкурстағы Қосымша В және Қосымша С ретінде ұсынылған бюджет және бюджет түсіндірмесі үлгілерін қолдануға міндетті.

#### **4.4. БІРЛЕСІП ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

Бірлескен қаржыландыру қажет емес

#### **4.5. ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

Осы ӨБТСС-ға қатысты барлық сұрақтар жазбаша түрде **KATCHgrants@winrock.org** электрондық поштасына жіберілуі керек. Сұрақтарға жазбаша жауаптар барлық өтініш берушілерге қолжетімді болады.

Өтінімдер **орыс немесе қазақ тілдерінде Times New Roman шрифті**н пайдалана отырып ұсынылуы тиіс, мөлшері 12, бір интервалмен терілген.

Өтінімдер (техникалық сипаттаманы, болжамды бюджетті және ілеспе құжаттаманы қоса алғанда) электрондық түрде электрондық пошта арқылы мекенжайға жіберілуі тиіс **KATCHgrants@winrock.org** және **KATCH-10019-RFA-05** сілтемесін қамтуы керек. Өтінімдер **2026 жылғы 16 наурызда сағат 23:59-дан кешіктірілмей (Алматы қ. уақыты)** берілуі тиіс. Тіркемелері бар электрондық хатыңыз **20 МБ-тан аспауы керек**.

Толық емес немесе белгіленген мерзімнен кеш берілген өтінімдер белгіленіп, қарауға немесе грант беруге жатпайды; дегенмен, Winrock толық емес немесе кеш берілген өтінімдерді грантты қарау және тағайындау процесіне қабылдау және қосу құқығын өзіне қалдырады, егер бұл Winrock-тың ең жақсы мүдделеріне сәйкес келеді деп есептелсе. Кеш немесе толық емес берілген өтінімдердің қаралмай қалу қаупі бар.

Өтінімдер берілгенге дейін кез келген уақытта алынған электрондық пошта арқылы жазбаша хабарлама арқылы қайтарып алынуы мүмкін. Егер өкілдің жеке басы хабарланса және өкіл тиісті қолхатқа қол қойса, өтінімдерді ұйым немесе оның уәкілетті өкілі жеке өзі кері қайтарып алуы мүмкін.

Құжаттардың толық пакеті, кем дегенде, мыналарды қамтиды:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі
- Ұйымның Жарғысының (Устав) көшірмесі
- Қосымша А үлгісі бойынша толтырылған және қол қойылған техникалық өтінім
- Қосымша В және С үлгілері бойынша толтырылған және қол қойылған қаржылық өтінім
- Бюджетті растайтын құжаттар, оның ішінде (қажет болған жағдайда) бюджет түсіндірмесі
- Жергілікті әкімдік пен басқа ұйымдардан ұсыныс және қолдау хаттары (бар болса)
- Жобаның негізгі қызметкерлерінің түйіндемелері (мысалы, Жоба директоры немесе үйлестіруші, қаржылық және операциялық мамандар), сондай-ақ олардың біліктілігін растайтын дипломдар мен сертификаттардың көшірмелері

## **БӨЛІМ 5: ӨТІНІМДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ПРОЦЕСІ**

### **5.1. ҚҰНДЫЛЫҚ БОЙЫНША БАҒАЛАУ**

Төменде келтірілген критерийлер осы ӨБТСС талаптарын ескере отырып жазылды. Өтінімнің барлық компоненттері үшін барлығы 100 ұпай алуға болады. Әрбір критерийдің салыстырмалы маңыздылығы ұпайлардағы шамамен үлес салмағы түрінде көрсетіледі. Өтінімдерді бағалау кезінде Winrock жобаның жиынтық артықшылықтары мен орындылығын, сондай-ақ төменде сипатталғандай әрбір құрамдас бөлікке қатысты нақты критерийлерді тексереді. Барлығы **2** грантқа дейін ең көп ұпай жинаған үміткерлерге берілетін болады. Өтініш берушілер бұл критерийлер: (1) барлық өтінімдер бағаланатын стандарт және (2) өтініш берушілер өз өтінімдерінде көрсетуі керек маңызды мәселелерді анықтау үшін қызмет ететінін ескеруі керек.

| Бағалау критерийлері                                                                                                                                                                                                                                                 | Ұпайлар    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>1. Техникалық тәсіл</b>                                                                                                                                                                                                                                           | <b>50</b>  |
| 1. Өтінім ӨБТСС мақсаттары/міндеттері мен басымдықтарына қаншалықты сәйкес келеді?                                                                                                                                                                                   | 10         |
| 2. Мақсатты топтар қаншалықты нақты анықталған және стратегиялық түрде таңдалған? Олардың қажеттіліктері нақты анықталды ма және олар ұсыныста тиісті түрде ескерілді ме? Нысаналы топтар және (немесе) олардың өкілдері жобаға (жобаның инклюзивтілігі) тартыла ма? | 10         |
| 3. Ісшараның жалпы дизайны қаншалықты жанжақты, логикалық және үйлесімді әзірленген? Ол қарастырылып отырған мәселелердің талдауын көрсетеді ме? шараны жашараны жашараны жа-шараны жа                                                                               | 10         |
| 4. Жобаны іс жүзінде жүзеге асыруға бола ма? Ол өз мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізе ме?                                                                                                                                                                       | 10         |
| 5. Жоба аяқталғаннан кейін оның институционалдық және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетік бар ма?<br>Жобаның хабардарлығын арттыру стратегиясы                                                                                                             | 10         |
| <b>2. Ұйымдық әлеует / Бұрынғы қызмет нәтижелері</b>                                                                                                                                                                                                                 | <b>40</b>  |
| 1. Халықаралық ұйымдар қаржыландыратын гранттарды/жобаларды басқарудың расталған тәжірибесі                                                                                                                                                                          | 10         |
| 2. Өтінім берушінің осындай қызметтерді іске асыруда бұрынғы немесе қазіргі тәжірибесі бар ма?<br>Өтініш берушінің алдыңғы қызметінде қандай нәтижелерге қол жеткізілді, сандық, сапалық нәтижелер және әсер ету деңгейі қандай болды?                               | 10         |
| 3. Қалада/облыста Ұйымның кеңсесінің тиісті қала/өңірде физикалық түрде орналасуы.                                                                                                                                                                                   | 10         |
| 4. Ұсынылған іс-шараларды жүзеге асыру үшін өтініш беруші қызметкерлерінің әлеуеті жеткілікті ме? Жобаға тартылған қызметкерлер саны. Тиісті білім және тәжірибе                                                                                                     | 10         |
| <b>3. Бюджет</b>                                                                                                                                                                                                                                                     | <b>10</b>  |
| 1. Бюджет толық және нақты ма, жеткілікті егжей-тегжейлерді қамтиды және жобаның іс-шараларына сәйкес келеді ме, сомалар ақылға қонымды және орынды, бюджет жазбалары шығындар қажеттіліктерін нақты негіздейді.                                                     | 10         |
| <b>Жалпы рейтинг (100 ұпайдан)</b>                                                                                                                                                                                                                                   | <b>100</b> |

## 5.2. ҚАРАСТЫРУ ПРОЦЕСІ

Грантқа өтінімдерді комиссия жоғарыда көрсетілген критерийлерді пайдалана отырып қарайды және бағалайды.

Гранттар өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде беріледі деп күтілуде. Қорытынды келіссөздер мен марапаттарды Winrock жүзеге асырады.

**Барлық гранттар АҚШ Мемлекеттік Адам саудасын мониторингілеу және оған қарсы күрес департаментінің басқармасы мақұлдауына жатады.**

## **6-БӨЛІМ: БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ШАРТТАР**

### **6.1. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТARTУ**

- Осы конкурстық өтінімнің жариялануы Winrock ұйымын оған жауап берген кез келген әлеуетті грант алушыға грант беруге міндеттемейді.  
Өтінім дайындау және тапсыру барысында келген шығындар өтінім берушілерге өтелмейді.  
Winrock кез келген немесе барлық өтінімдерді қабылдамау, немесе қосымша талқылаусыз немесе келіссөзсіз грант беру құқығын өзінде сақтайды.
- Барлық гранттық келісімдер Қазақстан теңгесімен келісіліп, рәсімделіп қаржыландырылады.  
Грант қаражаты есебінен өтелетін барлық шығындар рұқсат етілген, негізделген және мақсатқа сай болуы тиіс.

### **6.2. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

Өтініш берушілер осы қаржыландыру сұрауын және болжамды грантты шығаруға, қарауға немесе басқаруға байланысты кез келген Тараптармен өткен, Қазіргі немесе болашақ қатынастар туралы ақпарат беруі керек. Толық және ашық ақпаратты ұсынбау Winrock-ті әлеуетті өтініш берушінің таңдауын қайта қарауға мәжбүр етуі мүмкін.

### **6.3. БАСҚА ШАРТТАР**

- Үміткерлер грант берілгенге дейін қажетті құжаттарға қол қоюға және оларды ұсынуға дайын болуы керек.
- Грант алу үшін таңдалғандар үшін Winrock тәуекелдерді алдын ала бағалауды жүргізеді.
- Гранттық келісімдердің рәсімделуі, қажет болған жағдайда, Winrock донорының тиісті алдын ала жазбаша мақұлдауына байланысты болады.
- Өтініш берушілер осы ӨБТСС-қа сәйкес әрбір негізгі ұйымнан бір ғана өтініш бере алады.
- Жеке тұлғалар қаржыландыру алуға құқығы жоқ.
- Өтініштер кем дегенде 180 күн бойы жарамды болуы керек.
- Өтініш бланкілеріне өтініш беруші ұйымның уәкілетті агенті қол қоюға тиіс.
- Бағалау критерийлеріне сәйкес келетін немесе одан асатын өтініш берген үміткерлерге өтінім беру процесінде келесі қадамдар туралы хабарланады.

Сонымен қатар, келесі тауарларды әлеуетті гранттар шеңберінде сатып алу мүмкін емес:

- Жеке рәсімдер, кештер, мерекелер немесе "өкілдік" шығындар
- Тыйым салынған тауарлар, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: әскери техника, полиция немесе құқық қорғау органдарына арналған жабдықтар, бақылау жабдықтары, түсік жасатуға арналған жабдықтар мен қызметтер, ауа-райын өзгертуге арналған жабдықтар, сәнді заттар және құмар ойындарға арналған жабдықтар
- Құрылыс, инфрақұрылым, қайта құру немесе оңалту жобалары
- Winrock анықтаған гранттық мақсаттарға жету үшін қажет емес деп саналатын кез келген сатып алулар немесе іс-шаралар, соның ішінде грант алушының штаб-

пәтеріне ұсынылатын іс-шараларды жүзеге асыруға тікелей қатысы жоқ кез келген шығындар

- Бұрынғы міндеттемелер және/немесе қарыздар
- Айыппұлдар
- Қайырымдылық жасау
- АҚШ Мемлекеттік департаменті және/немесе федералды ережелер рұқсат етпейтін басқа шығындар, мысалы, алкогольдік ішімдіктер
- Сайлаудың немесе басқа саяси процестердің нәтижесіне әсер етуге бағытталған шығындар

## **БӨЛІМ 7: ҚОСЫМШАЛАР**

Қосымша А – Өтінім формасы

Қосымша В – Бюджеттің толық үлгісі

Қосымша С – Бюджет түсіндірмесінің үлгісі